

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
«МЕКТЕПKE ДЕЙІНГІ БАЛАЛЫҚ ШАҚ»РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ**

**МЕКТЕПKE ДЕЙІНГІ БІЛІМ БЕРУДІҢ ЖАҢА МОДЕЛІН ЕНГІЗУ
БОЙЫНША
ӘДІСТЕМЕЛІК ҰСЫНЫМДАР**

**МЕТОДИЧЕСКИЕ РЕКОМЕНДАЦИИ
ПО РЕАЛИЗАЦИИ НОВОЙ МОДЕЛИ ДОШКОЛЬНОГО
ОБРАЗОВАНИЯ**



Нұр-Сұлтан
2021

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі «Мектепке дейінгі балалық шақ» республикалық орталығы базасында әзірленген

Мектепке дейінгі білім берудің жаңа моделін енгізу бойынша әдістемелік ұсынымдар – Нұр- Сұлтан, 2021- 48 бет.

Пікір жазғандар:

С. Н. Жиенбаева, п.ғ.д.

Б. О. Арзанбаева, п.ғ.к.

Ф. К. Омарбекова, меңгеруші.

Әдістемелік ұсынымдар мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделін іске асыруда әдістемелік нұсқаулық ретінде әзірленді.

Әдістемелік ұсынымдар мектепке дейінгі ұйым басшыларына, әдіскерлер мен педагогтерге, «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту» мамандығы бойынша ЖОО мен колледждердің студенттеріне және ата-аналар қауымдастығына арналған.

Әдістемелік ұсынымдар ҚР БҒМ «Мектепке дейінгі балалық шақ» республикалық орталығының Ғылыми-әдістемелік кеңесінде қаралып, ұсынылған (2021 жылғы 31 мамырдағы №5 хаттама).

«Мектепке дейінгі балалық шақ»
Республикалық орталығы, 2021

Мазмұны

1	Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделінің тұжырымдамасы	4
2	Балаларды ерте жастан тәрбиелеу мен оқытудың ерекшеліктері	5

2.1. Балаларды ерте жастан тәрбиелеу мен оқыту ерекшеліктерінің ғылыми-теориялық негіздемесі

2.2. Ойын баланы дамытудың бірегей және негізгі құралы

2.3. Баланы дамыту процесінде этнопедагогика құралдарының рөлі

2.4. Педагог - баланы дамыту мен оқыту процесінің фасилитаторы

2.5. Мектепке дейінгі ұйымдардың қызметіндегі зерттеу мәдениеті

2.6. Бала құқықтарын сақтау және қорғау

3	Модельдің мақсаты мен міндеттері	10
4	Модельдің мазмұны	11
5	Дамыту, тәрбиелеу және оқыту процестерінде тәсілдерді өзгерту	13
6	Модельді іске асыру	14

Қосымша

Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделін іске асыру жоспары	17
--	----

1. Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделінің тұжырымдамасы



Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды дамыту үшін балаларды табысты және толыққанды дамыту жағдайларын қамтамасыз етуге, олардың әлеуеті мен дарындылығын ашуға бағытталған жаңа

тәсілдер мен идеялар талап етіледі, өйткені мектепке дейінгі жас бала өмірінің дербес кезеңі болып табылады, ол дағдылары жоғары деңгейдегі еліміздің болашақ адами әлеуетінің дамуына тікелей әсер етеді және әлемдік ғылымда баланың туғаннан бастап мектепке барғанға дейінгі кезеңі мидың дамуындағы, когнитивтік және басқа да өмірлік маңызды дағдылардың қалыптасуы мен дамуындағы маңызды кезең болып саналады.

Мектеп жасына дейінгі балаларға тұратын жеріне, этникалық тегіне, жынысына, денсаулық жағдайына және басқа да әлеуметтік факторларға қарамастан, сапалы білім алуға тең қол жетімділік ұсынылады.

Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделі (бұдан әрі – модель) мектепке дейінгі білім берудің негізгі пайымдауын, мақсатын, міндеттерін, құндылықтары мен принциптерін айқындайтын тұжырымдамалық құжат.

Модельдің әдіснамалық негізі мектеп жасына дейінгі балалардың дамуын және модельдің тиісті аспектілерін ашатын әлемдік ғылыми теориялар болып табылады.

Модель мектеп жасына дейінгі балалардың табиғи дамуының заманауи теориялары мен ұлттық көзқарастың үйлесімділігіне бағытталады.

Модель құрылымы ағымдағы жағдайды талдау, сауалнама және мониторинг нәтижелері негізінде анықталды.

2. Балаларды ерте жастан тәрбиелеу мен оқытудың ерекшеліктері

2.1. Балаларды ерте жастан тәрбиелеу мен оқыту ерекшеліктерінің ғылыми-теориялық негіздемесі

Мектепке дейінгі кезең баланың өмірлік маңызды дағдыларын дамытудың дербес кезеңі ретінде қабылданады, онда баланың өміріндегі мектепке дейінгі білімнің рөліне ересектер ұйымдастырған белсенділіктен оның жеке ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, әр баланың әлеуетін барынша дамыту үшін жағдай жасау қажет, мұнда педагог баланың мүдделерін ұстанады және баланың таңдаған әрекеттеріне сүйене отырып, оның әр күнін жоспарлайды.

Мектепке дейінгі білімге көзқарас әр адамның жеке басының қалыптасуы үшін осы даму кезеңінің маңыздылығын толық көрсетеді, бала миының қарқынды өсуі мен дамуы ерте балалық шақта – туғаннан 3 жасқа дейінгі кезеңде, ал когнитивтік дағдылардың дамуы 8 жасқа дейін белсенді жүреді, содан кейін өсу қарқыны едәуір төмендейді және бұл нейробиология саласындағы зерттеулермен дәлелденген.

Мектепке дейінгі ұйымдағы бала өзінің әлем туралы түсінігін құруға құқығы мен мүмкіндігі бар субъект және өз бетінше үйренуге белсенді қатысушы ретінде қабылданады.

Мектепке дейінгі ұйымдарда балалардың балалық шақ кезеңінде үйлесімді, тілектестік, дамытушы, әділ, оның ішінде мәдени және этникалық қауымдастыққа құрмет көрсетілетін инклюзивті ортада өмір сүруі үшін жағдайлар жасалады.

Мектепке дейінгі ұйымдардың педагогтері мен балалардың ата-аналары (занды өкілдері) оқыту ортасын ұйымдастырады, баланың жаңаны өз бетінше зерттеуге ұмтылысын қолдайды, өйткені жаңаны тануға деген қызығушылық балаларға туғаннан бастап беріледі және ересектер балаға дараландырылған,

жасына және даму деңгейіне сәйкес келетін білім, әлемді тану және ол туралы білімін ерте балалық шақ кезеңінде құрастыру үшін мүмкіндік береді, бұл ілімдерді әлемнің жетекші ғалымдары, оның ішінде XVIII ғасырдағы француз-швейцар философы Жан-Жак Руссо¹ да таныған.

Мектепке дейінгі ұйымда баланың өз бетінше үйренудегі рөлі анықталады: оқуға деген ішкі ынта, әлем туралы жаңа нәрсені үйрену, зерттелетін объектілермен «ішкі байланыс» сезімі, баланың жасына және деңгейіне сәйкес ресурстарды таңдау мүмкіндігі бар жоғары сапалы білім беру кеңістігі, баланың өз мүдделеріне сәйкес және қиялын қолданатын дербес әрекеті, баланың ойын, символдық, бейнелі, белсенді әрекет арқылы толыққанды және жан-жақты дамуы, мұнда педагогтің рөлі баланың оқу процесін бақылау, рефлексия және қолдау болып табылады және осы теорияны неміс педагогі Фридрих Фребель² ұсынған.

Баланың тәрбиешілермен және мектепке дейінгі ұйымдағы басқа да ересектермен жайлы қарым-қатынасы кезінде оның эмоционалды және әлеуметтік құзіреттілігі сапалы дамиды, бұл баланың психоэмоционалды әлауқатының және баланың әлеуметтік дамуының негізі, оның эмоционалды жағдайын реттеу қабілеті ересектермен қарым-қатынаста қалыптасатыны британдық психоаналитик Джон Боулбидің³ теориясында көрсетілген.

Американдық психолог Ури Бронфенбреннердің⁴ ұсынған теориясына сәйкес баламен жұмыс экологиялық жүйенің элементтерімен өзара әрекетте құрылады: микрожүйе - күнделікті өзара әрекеттер және бала өмірінің аспектілері (отбасы, туыстары, достары және балабақша); мезожүйе – жүйенің құрамдас бөліктері арасындағы қатынастар; экзожүйе – жүйелер аясында болатын оқиғалар, бала тікелей қатыспайтын оқиғалар және макрожүйе - бұл бала өмір сүретін және оның айналасындағы барлық жүйелердің мәдени мәнмәтіні.

Кеңестік психолог Л.С. Выготскийдің⁵ теориясына сәйкес бала дамуының әлеуметтік жағдайы оның психикалық даму динамикасына, адам әрекетінің тарихи дамыған нысандары мен тәсілдерін тағайындау арқылы пайда болатын жоғары психикалық функциялардың дамуына байланысты және ересек адам мәдениетті, балаға беретін білімді жеткізуші ретінде алдымен бірлескен әрекетте қалыптасатын, содан кейін баланың ішкі процестеріне айналатын жақын даму аймағын ескереді.

2.2. Ойын баланы дамытудың бірегей және негізгі құралы

Ойын мектеп жасына дейінгі балалар әрекетінің негізгі түрі ретінде:

¹ Rousseau, J.-J. (1979). *Emile: Or, On education*. New York: Basic Books.

² Froebel, F. (1878). *Mutter Und Kose Lieder*. Contributor: Susan E. Blow. New York: D. Appleton and Company.

³ Бриш, К.Х. (2014). «Терапия нарушений привязанности. От теории к практике», М., «Когито-центр».

⁴ Bronfenbrenner, U. (1979). *The ecology of human development: Experiments by nature and design*. Cambridge, MA: Harvard University Press.

⁵ Выготский Л.С. (1934). *Мышление и речь: психологические исследования*. М.; Л.: Соцэкгиз.

1) оқытуға және балаларды жан-жақты - когнитивтік, әлеуметтік және эмоционалды дамытуға оң ықпал етеді;

2) ойын көптеген түрге ие, балалар үшін көңілді және қызықты әрекет; ол әмбебап және бірегейлігімен ерекшеленеді, әлемді танудың, баланы оқытудың жетекші әрекеті және негізгі тәсілі болып табылады;

3) американдық әлеуметтанушы Милдред Партеннің теориясына сәйкес ойынның бірнеше түрі бар: (1) бала ойынға қатыспаған кезде байқалатын мінез-құлық, бірақ қысқа мерзімді, қызығушылық тудыратын затты бақылайды; (2) бақылау, бала басқа балалардың ойынын сырттай бақылайды және оларға сұрақтар қойып, сөйлесуі мүмкін; 3) жалғыз ойналатын тәуелсіз ойын, бала (балабақша ауласында) басқа ойыншықтармен ойнайды және басқа балалармен ойнауға талпынбайды; (4) қатар ойнау белсенділігі - бала ойынды өзі таңдайды, бірақ бұл ойында ол басқа балалардың жанында болса да, олардың әрекетіне назар аудармайды (мысалы, құмсалғышта); (5) ассоциативті ойын - бұл ойынға барлық қатысушылардың ортақ әрекетті, қызығушылықтарды және жеке қауымдастықтарды мойындайтын топтық ойын түрі; (6) ұйымдастырылған қосымша ойын - бұл еңбекті бөлу, топтық цензура, бір немесе екі команда мүшелерінің бақылауын орталықтандыру және жеке тілекті топтың қалауына бағындыру элементтері көрінетін неғұрлым жоғары ұйымдастырылған топтық әрекет.

Ойын барысында педагогтер мен өзге де ересектер:

1) балаларды өз тәжірибелерін оң және теріс тұрғыда талдауға үйретеді;

2) мазасыздық, депрессия тәрізді психикалық денсаулыққа кері әсер етуі мүмкін мәселелердің болмауы үшін балаларда маңызды дағдылар мен пікірлерді дамытады;

3) өз эмоцияларын реттеуге және ынтымақтастыққа, эмпатияға үйретеді.

2.3. Баланы дамыту процесінде этнопедагогика құралдарының рөлі

Ана тілін үйрету кезінде рухани даму, балаларды қиялдау қабілетіне тәрбиелеу, сөздік құрамын қалпына келтіру, психикалық процестерді дамыту, сана және ақыл-ой, бұрынғы ұрпақтың дәстүрлері мен салттары туралы құнды ақпараттар мен фактілерді ұсыну үшін қоғам және мемлекет қайраткері, педагог, лингвист А. Байтұрсынұлының⁶ әзірлеген және ұсынған келесі құралдары қолданылады:

1) ана тілін оқыту әдістері: ауызша, көрнекілік, тәжірибелік;

2) принциптері: жеңілден күрделіге, қарапайымнан күрделіге және өмірмен, тәжірибемен байланысты сақтау;

3) балалар әдебиетінің, халық ауыз әдебиетінің шығармалары.

⁶ Байтұрсынов, А. (1992). Алаш-Орда: Сб.док./ Сост. Мартыненко Н., Алма-Ата.

Балаларды отбасында тәрбиелеу үшін публицист, педагог М. Жұмабаевтың⁷ педагогикалық көзқарастарының негізгі ережелерін ескере отырып, қолайлы жағдай жасалады, ата-аналардың жоғары моральдық сапалары қалыптасады, тәрбиешіге кәсібилік, балаларға деген сүйіспеншілік, тілді өте жақсы меңгеруі және жақсы сөйлеуі, баланың жеке тұлғасын құрметтеу сияқты талаптар қойылады.

Оқу процесінде педагог, этнограф Н. Кұлжанова⁸ әзірлеген ойын, физикалық және еңбек тәрбиесі туралы ережелерге сәйкес, ойлау мен сөйлеуді дамытуда бірлескен ойын дағдыларын дамытуға, еңбек әрекетіне, тазалыққа, тәртіпке, ұйымшылдыққа, балалардың ойлауы, қабылдауы, сурет салуы және мектеп жасына дейінгі балалардың басқа да дағдыларын дамытуға баса назар аударылады, оларды игеру міндетті түрде ойын барысында жүзеге асырылады.

2.4. Педагог - баланы дамыту және оқыту процесінің фасилитаторы

Жаңа модель педагогтері білім беру ұйымдарындағы өзгерістердің агенттері болып табылады және білім беру процесін ұйымдастырушыдан баланы дамыту және оқыту процесінің фасилитаторы рөліне өзгереді.

Педагог үнемі оқиды, дамиды, зерттеулер жүргізеді, балалардың даму процесін бақылайды, балаларды тыңдайды және естиді, сұрақтар қояды, дәлелдер іздейді, оларды сыни тұрғыдан талдайды және шығармашылық эксперименттер өткізеді, күнделікті жұмысына рефлексия жасайды.

Педагогтер балалар сияқты өз білімдерін құрастырады, балалармен жұмыстың жаңа қырларын белсенді түрде жасайды және зерттейді, өзін-өзі бағалаудың тұрақты процесінде болады, қажетті біліктілік деңгейіне ие, инновацияшыл және жауапты болып табылады.

Педагогтердің білімі мен мәдениетінің деңгейіне жоғары талаптар қойылады және олар неғұрлым жоғары болса, бала соғұрлым жан-жақты дамиды, оның танымдық белсенділігі айқын болады.

2.5. Мектепке дейінгі ұйымдардың қызметіндегі зерттеулер мәдениеті

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жаңа моделі ғылыми негіздемені қолдануды және мектепке дейінгі ұйымдардың күнделікті жұмысына зерттеу әрекетін кіріктіру арқылы:

1) педагогтердің деңгейінде өз жұмысы жөнінде рефлексия, чек-парақтар, сапа мен балалардың жеке прогресіне мониторинг жүргізу;

⁷ Жұмабаев, М. (2007). "Педагогика". Алма-Ата.

⁸ Мектептен бұрынғы тәрбие: Н.Алмединген кітабының ізімен. Қазақстан оқу комиссариатының тәрбие бөлімінің тапсыруымен жазылды / Кұлжанова,; сөзбасы Ахмет Байтұрсыновтікі - Орынбор : Қазақстан мемлекет баспасы, 1923 . - IV, 37 б. - РК.

2) мектепке дейінгі ұйымның деңгейінде өзін-өзі бағалауды өткізу, ата-аналардан және балалардың өздерінен балаларды зерттеуге қатысуға келісім ала отырып, мектепке дейінгі ұйымдарда ғалымдардың зерттеулер жүргізуі жолымен зерттеулер мәдениетін құруды қарастырады.

2.6. Бала құқықтарын сақтау және қорғау

Қазақстан 1994 жылғы 8 маусымда Бала құқықтары туралы конвенцияны ратификациялады (1989) және Конвенцияда айқындалған баланың барлық құқықтарын сақтауға және қорғауға міндеттенеді.

Модель келесіні қамтиды:

1) баланың құқығы:

- баланы кемсітушіліктің немесе баланың, оның ата-анасының, заңды қамқоршыларының немесе отбасының өзге де мүшелерінің мәртебесінің, қызметінің, көзқарасының немесе сенім-нанымдарының негізінде жазалаудың барлық нысандарынан қорғау (2-бап, 2-т.);

- баланың мүдделерін барынша толық қамтамасыз ету (3-бап, 1-т.);

- балаға оған қатысты барлық мәселелер бойынша ой-пікірлерін еркін білдіруі (12-бап, 1-т.);

- өз пікірін еркін білдіруге құқылы (бұл құқыққа шекараларға қарамастан ауызша, жазбаша немесе басылым нысанында, көркемөнер шығармасы нысанында, не болмаса баланың өз таңдауы бойынша басқа да құралдардың көмегімен әр түрлі ақпарат пен идеяларды іздеу, алу және беру еркіндігі кіреді (13-бап, 1-т.);

- ойлау, ар-ұждан және дін бостандығы (14-бап, 1-т.);

- тәніне жасалатын немесе психологиялық түрдегі зорлық-зомбылықтың, қорлау немесе теріс қылықтардың барлық нысандарынан, қамқорлықтың жоқ болуынан немесе немқұрайды қараудан, дөрекі қараудан не болмаса пайдаланудан, ата-анасының, заңды қамқоршыларының немесе балаға қамқорлық жасаушы басқа адамның нәпсіқұмарлық қиянатынан қорғау (19-бап, 1-т.);

- білім беру (28-бап, 1-т.);

- қоршаған табиғатты құрметтеуге тәрбиелеу (29-бап, 1-т.);

- тынығуға және мәдени демалуға, өз жас мөлшеріне лайық түрлі ойындар мен көңіл көтеру шараларына қатысуға, мәдени өмірге еркін араласып, өнер мен айналысуға құқығы бар (31-бап, 1-т.);

2) білім беру:

- баланың жеке тұлғасын, дарынын, ақыл-ой және дене қабілеттерін толық көлемде дамытуға;

- адам құқықтары мен негізгі бостандықтарын, сондай-ақ Біріккен Ұлттар Ұйымының Жарғысында жарияланған принциптерді құрметтеуге тәрбиелеуге;

- баланың ата-анасына, оның мәдени өзіндік ерекшелігіне, тілі мен құндылықтарына, бала тұратын елдің ұлттық құндылықтарына, өз еліне және өзге де өркениеттерге құрмет көрсетуге тәрбиелеуге;

- баланы бейбітшілік, төзімділік, ерлер мен әйелдердің тең құқылығы және барлық халықтар, этникалық, ұлттық және діни топтар, сондай-ақ жергілікті халықтар арасында достық, түсіну рухында еркін қоғамдағы саналы өмірге дайындауға бағытталады.

3. Модельдің мақсаты мен міндеттері

Модельдің мақсаты - дені сау, дербес, білуге құмар, көпшіл, сын тұрғысынан ойлайтын балаларды әлеуметтендіру мен қалыптастыруға бағытталған тәрбие мен оқыту жүйесін трансформациялау (өзгерту) арқылы мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды дамытудың бағыттары мен принциптерін айқындау.


Модельдің міндеттері:

- 1) оқу жоспарлары мен бағдарламаларының икемділігін қамтамасыз ету арқылы педагогикалық процесті ғылыми негізде жетілдіру жолымен мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнын, оның ішінде инклюзивті білім берудің мазмұнын өзгертуге жағдай жасау;
- 2) мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнындағы өзгерістерді нормативтік құқықтық сүйемелдеуді қамтамасыз ету;
- 3) сапа критерийлерін айқындау арқылы мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың сапасын арттыру және білім берудің сапасын бағалау құралын әзірлеу;
- 4) қазіргі заманғы теорияларды ұлттық ерекшеліктермен үйлесімді ұштастыру негізінде баланы ерте дамыту процесінің тұтастығын қамтамасыз ету;
- 5) ғылыми негізде вариативтік оқу бағдарламаларының құрылымын әзірлеу және бағыттарын айқындау;
- 6) педагогтердің деңгейінде және білім беру ұйымдарының деңгейінде мектепке дейінгі ұйымдардың күнделікті жұмысында зерттеу жұмысының мәдениетін қалыптастыру;
- 7) педагогтердің кәсіби өсуінің үздіксіздігін қамтамасыз ету;
- 8) өзара әріптестік іс-қимыл орнату арқылы ата-аналардың білім беру қызметтеріне қанағаттануын қамтамасыз ету.
19. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды дамыту мен білім беру сапасын қамтамасыз ету бойынша кешенді шаралар:
 - 1) мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту бағдарламаларының мазмұны мен іске асыру жағдайларын реттейтін нормативтік құқықтық базаны жаңарту;
 - 2) ғылыми-әдістемелік және оқу-әдістемелік қолдауды қамтамасыз ету;
 - 3) вариативтік оқу бағдарламаларын әзірлеу және енгізу;
 - 4) тәрбие мен оқытудың сапасын бағалау критерийлерін әзірлеу;
 - 5) балаларды психологиялық-педагогикалық қолдауды жүзеге асыру тәсілдерін жетілдіру;
 - 6) педагогтерді даярлау бағдарламаларын жетілдіру және балаларды ерте дамыту әдістемесі бөлігінде мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің біліктілігін арттыру курстарының бағдарламаларын өзектендіру.

4. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды дамытудың моделі

29. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды дамытудың моделі - мектепке дейінгі білім беруге негіз болатын пайымды, мақсаттарды, міндеттерді, құндылықтар мен принциптерді айқындайтын тұжырымдамалық құжат (1-сызба).

1 сызба. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды дамытудың моделі



Берілген сызбаға сәйкес Мектепке дейінгі білім беруге негіз болатын пайымды, мақсаттарды, міндеттерді, құндылықтар мен қағидаларды төмендегідей ашуға болады:

Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мақсаты әрбір баланың толық дамуы мен әлеуетін ашу үшін жағдай жасау болып табылады;

пайым:

Қазақстан Республикасындағы мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту өзіне сенімді, дербес, білуге құмар, қиындықтарға төзімді, дені сау, еркін және сыни тұрғыда ойлайтын балаларды дамытуға бағытталған;

3) Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың міндеттері:

- баланың құқықтарын қамтамасыз ету және қорғау;
- жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды дарыту;
- әрбір баланың жеке қабілеттері мен қажеттіліктерін ескере отырып, дамытушы қауіпсіз білім беру ортасын, оның ішінде инклюзивтік орта құру;
- педагогтің әр баламен және балалар арасындағы сапалы маңызды өзара әрекеті арқылы тілектестік қарым-қатынас орнату;
- психоэмоционалдық және физикалық әл-ауқатын қамтамасыз ету;

- мектепке дейінгі білім берудің мазмұнының, тәсілдерінің және ұйымдастырушылық нысандарының вариативтілігі мен әртүрлілігін, ғылыми зерттеулерге негізделген балалардың қабілеттері мен білім алу қажеттіліктерін ескере отырып, әртүрлі бағыттағы бағдарламаларды қалыптастыру мүмкіндігін қамтамасыз ету;

- отбасымен және қоғамдастықпен серіктестікте жұмысты жүзеге асыру;

4) Қазақстан Республикасын мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту жүйесінің жұмысын құруға негіз болатын құндылықтар:

- адам құқықтарын құрметтеу;
- саналылық және қиындықтарға төзімділік;
- ынтымақтастық және қолдау;
- ойын және шығармашылық;
- жаңаны білуге құмарлық;
- баланың зерттеу әрекеті;
- өмір сүру тәжірибесінің әртүрлілігі;
- сапалы білімге тең қол жеткізу болып табылады.

5) Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту жүйесінің педагогтері мен басқа қызметкерлері жұмысының негізгі принциптері:

- баланың құқықтарын сақтау;
- оқытудың кіріктірілген тәсілі;
- баланы толық дамыту;
- педагог фасилитатор ретінде;
- баланы ойын арқылы оқуға баулу;
- балалармен өз білімінің құрастырушысы ретінде қарым-қатынас жасау;
- мәнді қарым-қатынас арқылы шынайы оқыту;
- инклюзивті білім беру кеңістігін құру;
- баланың жеке тұлғасын құрметтеу;
- баланы дамыту мақсатында күтім жасау;

6) педагог келесі құзыреттіліктерге ие болуы тиіс:

- баланы дамыту мен үйретуді терең түсіну;
- баланың көзқарасын қабылдау және түсіне білу;
- мақтау, тыныштандыру, сұрақтар қою және балаларға назар аудару білу;
- көшбасшылық дағдылары, мәселерді шешу және балалар іс-әрекет түрлерінің мақсатты жоспарларын әзірлеу;
- сөздік қорының байлығы және балалардың идеяларын шығару мүмкіндігі;
- өз тәжірибесіне үнемі рефлексия жасай білу және оны жақсарту;
- эмоционалды интеллектінің жоғары деңгейі.

5. Дамыту, тәрбиелеу мен оқыту процестеріне тәсілдерді өзгерту

❖ Білімді баланың туылған сәтінен бастап өмір бойы жалғасатын процесс ретінде қарау білім беру процесін ұйымдастырудың икемді стандарттарын қабылдауды қажет етеді.

❖ Бала өзінің әлем жайлы жеке түсінігін қалыптастыру құқығы мен мүмкіндігі бар оқуға белсенді қатысушы ретінде қабылдануы тиіс.

❖ Бала өміріндегі мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту тәсілінің ұйымдастырылған оқу қызметінен баланың жеке ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, әр баланың әлеуетін барынша дамытуға жағдай жасауға қарай өзгеруі тиіс.

❖ Ойын - баланың негізгі әрекеті және дамытудың негізгі құралы.

❖ Мектепке дейінгі ұйымдар мен үйде балалардың әлеуметтік-эмоциялық дағдыларын дамытуға ерекше назар аудару қажет.

❖ Балаларға арналған жағдайларды ұйымдастыруға қойылатын талаптардың өзгеруі 1 жастан бастап 1-сыныпқа қабылданғанға дейін баланы дамыту процестері туралы заманауи ғылыми негіздемелерге сәйкес келтірілетін нормативтік құқықтық актілерді қайта қарауды да көздейді.

❖ Заманауи әлемдік үрдістер педагогтердің әр баланың толыққанды дамуы үшін жағдай жасауға баса назар аударатынын көрсетеді, яғни баланы дамыту, тәрбиелеу мен оқыту процестеріне жеке тәсілді қалыптастыруға бағытталған бағдарламаларға басымдық беру қажет.

❖ Мектепке дейінгі ұйымдарға даму бағытын дербес анықтау мүмкіндігі берілетін болады, оның негізінде балама дамыту бағдарламалары әзірленеді және педагогикалық кеңесте бекітіледі.

❖ Мектепке дейінгі ұйымдар вариативтік жеке бейімделген бағдарламаларды, оқытудың әртүрлі әдістемелері мен технологияларын, білім беру процесін ұйымдастырудың нысандарын, әдістерін, тәсілдерін пайдаланады. Кедергісіз дамытушы ортаны құрады.

❖ Педагогтер үшін балалардың жастары ескеріле отырып, оқу үшін әртүрлі ойындардың үлгілерін қамтитын апталық циклограммалардың үлгілері, түрлі жас топтарындағы балалармен ойындарды ұйымдастырудың технологиялық процесінің алгоритмі, дамытушы ойындар өткізу әдістемелері бойынша әдістемелік ұсынымдар әзірленетін болады.

❖ Қарым-қатынас дағдыларын педагог өзі көрсетуге тиіс.

❖ Бала тәрбиесіндегі халық ауыз әдебиетінің маңызын ескере отырып, баланың ертегілер мен кітаптарға қызығушылығын қолдау қажет.

❖ Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты білім беру салаларының міндеттері бала сол сәтте өзіне қызықты білімді өз бетінше таңдай алатын қолжетімді заттық-кеңістіктік ортаны ұйымдастыру арқылы іске асырылуға тиіс. Педагогтің міндеті - балалардың қызығушылықтарын атап өту, оқу әрекеті барысында әр баламен сөйлесу. Сабақ нысандарын педагог таңдауға тиіс.

❖ Инклюзивтік білім беруді дамыту:

1) ерекше білім беруді қажет ететін балаларға қоғамның оң көзқарасының философиясын қалыптастыру;

2) инклюзивті білім беру процесін ғылыми және оқу-әдістемелік қолдауды жетілдіру;

3) ерекше білім беруді қажет ететін балаларды білім беру ортасына қосу процесін психологиялық-педагогикалық қолдаудың практикаға бағдарланған

технологияларын қолдану тетіктерін, нысандарын, тәсілдерін әзірлеу және енгізу;

4) ерекше білім беруді қажет ететін балаларды ерте анықтау жүйесін жетілдіру және психологиялық-педагогикалық қолдауды ұйымдастыру;

5) мектепке дейінгі және мектепте білім беру деңгейлері арасында инклюзивті технологиялар сабақтастығын жүзеге асыру;

6) инклюзивті білім беруді ақпараттық-консультациялық қолдауды жүзеге асыру; қызметі инклюзивті білім беру мәселелерін шешуге байланысты ұйымдармен әлеуметтік әріптестікті дамыту (инклюзивті практиканы жүзеге асыратын мектепке дейінгі ұйымдар; инклюзивті білім беруді қолдау бойынша ресурстық орталықтар, ғылыми-зерттеу орталықтары, жоғары оқу орындары, арнайы білім беру ұйымдары, қоғамдық ұйымдар);

7) инклюзивті білім беру теориясы мен практикасының озық тәжірибесін зерделеу мақсатында шетелдік ұйымдар мен әріптестердің ынтымақтастығын тереңдету;

8) инклюзивті практиканы жүзеге асыратын мектепке дейінгі ұйымдардың қажеттілігін болжау жүйесін дамыту;

9) ерекше білім беруді қажет ететін балалар келетін топтарды қажетті білікті мамандармен қамтамасыз ету (логопед, олигофренопедагог, тифлопедагог, сурдопедагог және т.б.) арқылы қамтамасыз етіледі.

❖ Жаңа нормативтік-мазмұндық тәсілдерді іске асыру жағдайында мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытудың алдына ашықтықты, ата-аналармен тығыз ынтымақтастықты және өзара іс-қимылды көздейтін нысаналы бағдарлар қойылады. Білім беру жүйесінің алдына қойылған міндеттер оқу-тәрбиелеу процесінің нәтижелі болуы үшін ата-аналардың жауапкершілігін арттыруды көздейді. Балаларды дамыту, тәрбиелеу және оқыту процесіне ата-аналарды тарту мәселесі мынадай бағыттарда шешіледі:

- ата-аналардың педагогикалық мәдениетін арттыру;
- ата-аналарды мектепке дейінгі ұйымның қызметіне тарту.

6. Моделді іске асыру

Моделді іске асыру бойынша міндеттер мен шаралар Ұлттық жоспар, «Nur Otan» партиясының сайлауалды бағдарламасы іске асырудың жол картасы

Ұлттық жоба

Стратегиялық көрсеткіштер:

1. Халықтың мектепке дейінгі / орта білім беру қанағаттану деңгейі

Сапалы білім беру

1 міндет. Білім беру саласында қолжетімділік пен теңдікті қамтамасыз ету

2 міндет. Оқыту үшін қолайлы жағдайлар жасау және орқұру

3 міндет. Білім сапасын арттыру

4 міндет. Білім беруді басқару және қаржыландыру тиімділігін арттыру

5 міндет. Цифрлық экономика үшін адами капиталды дамыту

Жол картасы

п. 15,27,28,29,30,31

- ата-аналардың жауапкершілігі;
- 2-6 және 3-6 жастағы балаларды қамту;
- кезекті автоматтандыру;
- ваучерлік жүйені енгізу;
- мектепке сапалы дайындау.

Кешенді жоспар

- ерте дамыту;
- нормативтік қамтамасыз ету;
- әдістемелік қолдау;
- мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту мазмұнын жетілдіру;
- білім беру деңгейлерінің сабақтастығын қамтамасыз ету;
- сапаны бағалау жүйесін енгізу;
- педагог мәртебесін қамтамасыз ету;
- сапалы мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға қол жетімділікті қамтамасыз ету;
- қауіпсіздік және жайлылық;
- қаржыландыруды дербестендіру.

жобасына енгізілді, сондай-ақ 2021-2025 жылдарға арналған Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды дамыту моделін іске асыру бойынша жоспар Білім және ғылым министрлігінің бұйрығымен бекітілді (*Іқосымша*).

Модельді іске асырудың күтілетін нәтижелері анықталған мәселелерді кешенді шешу арқылы мектепке дейінгі білім беру саласында білім беру қызметтерін ұсынудың сапалы деңгейіне қол жеткізуді көздейді.

МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ҰЙЫМ ДЕҢГЕЙІНДЕ:



- ұсынылатын білім беру қызметтерінің қолжетімділігі мен сапасын қамтамасыз ету

ПЕДАГОГТЕР

2

ДЕҢГЕЙІНДЕ:

- Педагогтердің кәсібилігі мен құзыреттілігі



БАЛАЛАРДЫ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ :

3

- балаларды толыққанды дамыту үшін жағдай жасау

4

АТА-АНАЛАРҒА МҮМКІНДІК БЕРУ:

- білім беру процесіне қатысуы, серіктестік қарым-қатынас және ынтымақтастық



МЕКТЕПKE ДЕЙІНГІ ТӘРБИЕЛЕУ МЕН ОҚЫТУДЫ ДАМУЫ МОДЕЛІН ІСКЕ АСЫРУ ЖОСПАРЫ

№	Іс-шара	Аяқталу нысаны	Орындау мерзімі	Орындауға жауаптылар	Қаржыландыру көзі
1	2	3	4	5	6
I. 2-6 жастағы балаларды мектепке дейінгі тәрбиемен және оқытумен қамту					
1	Балаларды мектепке дейінгі тәрбиемен және оқытумен қамтуды қамтамасыз ету	2025 жылға қарай балаларды қамту көрсеткіші: 2- 6 жас – 95% 3- 6 жас – 100%	2021-2025 жылдар	ҚР БҒМ ЖАО	ЖБ
II. Нормативтік құқықтық қамтамасыз ету					
2	Өзгерістер мен толықтырулар енгізу:				
2.1	«Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығының 1-қосымшасы (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17669 болып тіркелген)	Бұйрық	2021 жылғы қыркүйек	ҚР БҒМ	098 ББ 102 кб қарастырылған қаржы шеңберінде
2.2	«Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығы (Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің мемлекеттік тізілімінде № 8275 болып тіркелген)	Бұйрық	2022 жылғы қаңтар	ҚР БҒМ	098 ББ 102 кб қарастырылған қаржы шеңберінде
2.3	«Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығы (Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің	Бұйрық	2022 жылғы наурыз	ҚР БҒМ	098 ББ 102 кб қарастырылған қаржы шеңберінде

	мемлекеттік тізілімінде № 14235 болып тіркелген)				
2.4	«Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдары қызметкерлерінің үлгі штаттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 30 қаңтардағы № 77 қаулысының 1-тармағы	ҚР Үкіметінің қаулысы	2022 жылғы мамыр	ҚР БҒМ	Қажет емес
2.5	«Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 бұйрығының 1-қосымшасы (Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің мемлекеттік тізілімінде № 17657 болып тіркелген)	Бұйрық	2021 жылғы шілде	ҚР БҒМ	Қажет емес
III. Мектепке дейінгі ұйымдардың қызметін әдістемелік қолдау					
3	Балаларды ерте дамыту институтын құру	ҚР Үкіметінің қаулысы	2021 жылғы қыркүйек	ҚР БҒМ	Қажет емес
4	Жоғары оқу орындары мен техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының мектепке дейінгі ұйымдармен, оның ішінде аранйы мектепке дейінгі ұйымдармен инновациялық педагогикалық тәсілдерді ғылыми негіздеу және педагогикалық тәжірибе жасау ресурстық база құру бойынша ынтымақтастығы	ЖЖББҰ мен МДҰ арасындағы, ТКОББҰ мен МДҰ арасындағы меморандум	2022 жыл	ЖЖББҰ ТКОББҰ ЖАО	Қажет емес
5	Балаларды ерте дамыту мәселелері бойынша өңірлердегі әдістемелік кабинеттердің жанынан мобильді топтар құру	Әдістемелік кабинеттердің жанындағы мобильді топтар	2022 жыл	ЖАО	Қажет емес
IV. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнын жетілдіру					
6	Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды дамытудың моделін енгізуді әдістемелік қолдау	Әдістемелік ұсынымдар, оқыту вебинарлары	2021-2025 жылдар	ҚР БҒМ ЖАО	098 ББ 102 кб қарастырылған қаржы шеңберінде
7	Мектепалды даярлықты әдістемелік қолдау	Әдістемелік материалдар Семинарлар	2021-2025 жылдар	ҚР БҒМ	098 ББ 102 кб қарастырылған қаржы

		Консультациялар			шеңберінде
8	Ерте жастағы балалардың әлеуметтік дағдыларын және өз бетінше үйрену дағдыларын дамытатын бағдарламаға әдістемелік ұсынымдар әзірлеу	Әдістемелік ұсынымдар	2022 жылғы тамыз	ҚР БҒМ	098 ББ 102 кб қарастырылған қаржы шеңберінде
9	Халықтың әлеуметтік тұрғыда әлсіз тобынан шыққан ата-аналардың мектепке дейінгі білім беру қызметтеріне қажеттіліктерін анықтау үшін өңірлерде мониторинг жүргізу	Талдамалық анықтама	2022 жылғы мамыр	ҚР БҒМ	Қажет емес
10	Мектепке дейінгі тәрбиемен және оқытумен қамтылмаған балалардың ата-аналарымен жұмысты ұйымдастыру бойынша консультациялық пункттердің нұсқаулықтарын әзірлеу	Нұсқаулық	2022 жылғы маусым	ҚР БҒМ	098 ББ 102 кб қарастырылған қаржы шеңберінде
11	Үй тәрбиешілері (әлеуметтік бала күтушілер) институтын енгізу бойынша әдістемелік ұсынымдар әзірлеу	Әдістемелік ұсынымдар	2022 жылғы шілде	ҚР БҒМ	098 ББ 102 кб қарастырылған қаржы шеңберінде
12	Үй тәрбиешілерінің (әлеуметтік бала күтушілердің) біліктілігін арттыру курстарының білім беру бағдарламаларын әзірлеу	Бұйрық	2022 жылғы тамыз	ҚР БҒМ	098 ББ 102 кб қарастырылған қаржы шеңберінде
13	Үй тәрбиешілерінің (әлеуметтік бала күтушілердің) біліктілігін арттыруға арналған оқыту курстарын өткізу:	Біліктілікті арттыру курстары	2022-2025 жылдар		
13.1	мемлекеттік мектепке дейінгі ұйымдардың			ҚР БҒМ	РБ 221 Б бойынша Бюджеттік өтінім «Мемлекеттік мектепке дейінгі білім беру ұйымдары кадрларының біліктілігін арттыру және

					қайта даярлау»
13.2	жекеменшік мектепке дейінгі ұйымдардың			Салалық қауымдастықтар	Тыңдаушылардың өз қаржысы есебінен
14	Үй тәрбиешілері (әлеуметтік бала күтушілер) институтын енгізу бойынша пилоттық жоба жүргізу:	Талдамалық анықтама	2023 жыл		
14.1	мемлекеттік мектепке дейінгі ұйымдарда			ҚР БҒМ ЖАО	Қажет емес
14.2	жекеменшік мектепке дейінгі ұйымдарда			Салалық қауымдастықтар	Қажет емес
15	Үй тәрбиешілері («әлеуметтік бала күтуші») институтын кезең-кезеңімен енгізу	Талдамалық анықтама	2024 жыл		
15.1	мемлекеттік мектепке дейінгі ұйымдарда			ЖАО	ЖБ
15.2	жекеменшік мектепке дейінгі ұйымдарда			Салалық қауымдастықтар	Мемлекеттік тапсырыс шеңберінде
16	«Ата-аналар университеті» арқылы балалардың отбасыларымен өзара ынтымақтастық орнату:	Ата-аналар жиналысы, тренингтер, консультациялар, т.б.	2021-2025 жылдар		
16.1	мемлекеттік мектепке дейінгі ұйымдарда			ЖАО	Қажет емес
16.2	жекеменшік мектепке дейінгі ұйымдарда			Салалық қауымдастықтар	Қажет емес
V. Мектепке дейінгі және бастауыш білім берудің сабақтастығы мен үздіксіздігін қамтамасыз ету					
17	Білім беру бағдарламаларының сабақтастығын қамтамасыз ету үшін мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнына зерттеу жүргізу және бастауыш білім берудің мазмұнын зерделеу	Талдамалық анықтама	2022 жылғы қаңтар	ҚР БҒМ ЖАО	БНҚ шеңберінде
VII. Тәрбиелеу-білім беру процесінің сапасын бағалаудың жаңартылған жүйесін енгізу					
18	Мектепке дейінгі педагогика және психология саласында іргелі және қолданбалы зерттеулер жүргізу	Талдамалық анықтама	2023 жылғы желтоқсан	ҚР БҒМ	БНҚ аясында
19	ECERS халықаралық әдістемесі арқылы мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың сапасына зерттеу жүргізу	Талдамалық баяндама	2021 жылғы желтоқсан	ҚР БҒМ	БНҚ аясында

20	Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың сапасын бағалау құралдарын (өлшемдерін) әзірлеу	Әдістемелік нұсқаулық	2022 жылғы қараша	ҚР БҒМ	БНҚ аясында
21	Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың сапасын бағалау құралдарына пилоттық жоба өткізу	Талдамалық анықтама	2023 жылғы желтоқсан	ҚР БҒМ ЖАО	БНҚ аясында
22	Мектепке дейінгі білім берудің сапасын бағалаудың тәуелсіз ұлттық жүйесін енгізу	Талдамалық баяндама	2025 жылғы қаңтар	ҚР БҒМ ЖАО	БНҚ аясында
VIII. Педагог кәсібінің жоғары мәртебесін қамтамасыз ету, педагогикалық білім беруді жаңғырту					
23	Институционалдық әлеуетті ұлғайту мақсатында «Болашақ» халықаралық бағдарламасымен ЖЖББҰ-ның «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту» мамандығы бойынша профессор-оқытушы құрамының біліктілігін арттыру	Тағылымдамадан өту жөнінде сертификаттар	2022-2025 жылдар	ҚР БҒМ «Болашақ» ХБО	«Болашақ» Қазақстан Республикасы Президентінің халықаралық стипендиясы стипендиаттарын оқыту үшін қолданыстағы заң шеңберінде РБ-дан қаржыландыру сомасы шегінде
24	«Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту» мамандығы бойынша ЖЖББҰ мен ТКОББҰ кадрлар даярлаудың білім беру бағдарламаларын жаңарту	Білім беру бағдарламалары	2022 жылғы тамыз	ЖЖББҰ	Қажет емес
25	Мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің біліктілігін арттыру курстарының білім беру бағдарламаларын жаңарту	Бұйрық	2022 жылғы қаңтар	ҚР БҒМ	РБ «Мемлекеттік мектепке дейінгі ұйымдардың» кадрларының біліктілігін

					арттыру және қайта даярлау» бойынша 221 бюджеттік өтінім
26	Мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің қайта даярлау білім беру бағдарламаларын әзірлеу және бекіту	Бұйрық	2022 жылғы қыркүйек	ЖЖББҰ	Қажет емес
27	Мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің, оның ішінде ерте жас топтары педагогтерінің біліктілігін арттыру:	Біліктілігін арттыру курстары	2021-2025 жылдар		
27.1	мемлекеттік мектепке дейінгі ұйымдардың			ҚР БҒМ	РБ «Мемлекеттік мектепке дейінгі ұйымдардың» кадрларының біліктілігін арттыру және қайта даярлау» бойынша 221 бюджеттік өтінім
27.2	жекеменшік мектепке дейінгі ұйымдардың			Салалық қауымдастықтар	Жеке қаржы есебінен
28	Мектепке дейінгі ұйым педагогтерін, оның ішінде ерте жас топтарының педагогтерін қайта даярлау:	Педагогтерді қайта даярлау курстары	2023-2025 жылдар		
28.1	мемлекеттік мектепке дейінгі ұйымдардың			ЖЖББҰ	ЖБ
28.2	жекеменшік мектепке дейінгі ұйымдардың			ЖЖББҰ	Жеке қаржы есебінен
29	«Педагогтерге біліктілік санаттарын беру (растау) қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 11 мамырдағы № 192 бұйрығына өзгерістер енгізу (Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық	Бұйрық	2021 жылғы шілде	ҚР БҒМ	Қажет емес

	актілерінің мемлекеттік тізілімінде № 20618 болып тіркелген)				
IX. Мектепке дейінгі сапалы тәрбие мен оқытуға қолжетімділікті қамтамасыз ету					
30	Педагогтерге, ата-аналарға, ерекше білім берілуіне қажеттіліктері бар балаларға мобильді консультативтік-әдістемелік көмекті енгізу	Мобильді қосымша	2023 жыл	ЖАО	ЖБ
31	Қауіпсіз және жайлы білім беру ортасын құру бойынша оның ішінде ерекше білім берілуіне қажеттіліктері бар балалар үшін мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің тәжірибесін зерделеу	Талдамалық анықтама	2022 жыл	ҚР БҒМ ЖАО	РБ 098 ББ 102 кб қарастырылған қаржы шеңберінде
32	Тәрбиелеу мен оқытуда сараланған тәсілді жүзеге асыру және инклюзивті білім беруді қамтамасыз ету бойынша тәжірибе алмасу мақсатында мектепке дейінгі ұйымдардың педагогтері үшін арнайы білім беру ұйымдары педагогтерінің (тар ауқымды мамандар) катысуымен семинар-тренингтер ұйымдастыру	Семинар-тренингтер	2021-2025 жылдар	ЖАО	ЖБ
33	Мектепке дейінгі ұйымдардың жанындағы логопедиялық пункттердің педагогтеріне (дефектолог, педагог-психолог, әлеуметтік педагог және т.б.) әдістемелік көмек көрсету	Әдістемелік ұсынымдар, нұсқаулық, құрал	2022жылғы сәуір	ҚР БҒМ	РБ 098 ББ 102 кб қарастырылған қаржы шеңберінде
34	Жергілікті бюджет қаражаты есебінен мектепке дейінгі ұйымдардың IT-инфрақұрылымын жетілдіру, жоғары жылдамдықты интернетке қолжетімділікті қамтамасыз ету	2021-2025 жылдарға ЖАО-ның кешенді жоспары	2021-2025 жылдар	ЖАО	ЖБ
X. Тәрбиелеу мен оқытудың қауіпсіз және жайлы ортасын құру					
35	Мектепке дейінгі ұйымдарда қауіпсіз жағдай жасауға қойылатын талаптарды талдау негізінде қауіпсіз білім беру ортасын қамтамасыз ету бойынша нұсқаулық әзірлеу	Нұсқаулық	2022 жылғы ақпан	ҚР БҒМ	098 ББ 102 кб қарастырылған қаржы шеңберінде
36	Мектепке дейінгі ұйымдарда инклюзивті білім беру үшін жағдай жасау	Мектепке дейінгі ұйымдарды жарақтандыру	2021-2025 жылдар		
36.1	мемлекеттік мектепке дейінгі ұйымдарда			ЖАО	ЖБ

36.2	білім беру тапсырысы орналастырылған жекеменшік мектепке дейінгі ұйымдарда			Салалық қауымдастықтар	Мемлекеттік тапсырыс шеңберінде
36.3	білім беру тапсырысы орналастырылмаған жекеменшік мектепке дейінгі ұйымдарда			Салалық қауымдастықтар	Жеке қаржы есебінен
37	Инклюзивті тәжірибені жүзеге асыратын мектепке дейінгі ұйымдарды қолдау бағыттарын анықтау үшін инклюзивті білім берудің ұйымдастырушылық, мазмұндық, технологиялық аспектілеріне қажеттіліктерді анықтау және талдау	Талдамалық анықтама Әдістемелік нұсқаулық	2023 жыл	ҚР БҒМ	Қажет емес
38	Мектепке дейінгі ұйымдарда тамақтану нормасын әзірлеу және бекіту	Бұйрық	2023 жыл	ҚР БҒМ ЖАО	Қажет емес
XI. Мектепке дейінгі білім беруді қаржыландыруды дербестендіру					
39	Мектепке дейінгі ұйымдарда ваучерлік қаржыландыруды енгізуді нормативтік қамтамасыз ету: «Еңбек нарығының қажеттіліктерін ескере отырып, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлауға, жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының дайындық бөлімдеріне, сондай-ақ мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуға, орта білім беруге және қосымша білім беруге мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 29 қаңтардағы № 122 бұйрығына (Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің мемлекеттік тізілімінде № 13418 болып тіркелген) өзгерістер енгізу	Бұйрық	2021 жылғы тамыз	ҚР БҒМ «Атамекен» ҰКП (келісім бойынша)	Қажет емес
40	Ваучерлік қаржыландыруды енгізудің пилоттық жобасын жүргізу	Талдамалық анықтама	2021 жылғы желтоқсан	ҚР БҒМ ЖАО	Қажет емес
41	Мемлекеттік мектепке дейінгі ұйымдарда және мемлекеттік білім беру тапсырысы орналастырылған жекеменшік мектепке дейінгі ұйымдарда ваучерлік	Ваучерлік қаржыландыру	2022 жылғы қаңтар	ҚР БҒМ ЖАО «Атамекен»	ЖБ қарастырылған қаржы

	қаржыландыруды кезең-кезеңімен енгізу			ҰКП (келісімі бойынша)	шеңберінде
42	Ваучерлік қаржыландыруды енгізуді әдістемелік қолдау:	Оқыту вебинарлары	2022-2025 жылдар		
42.1	мемлекеттік мектепке дейінгі ұйымдарда			ҚР БҒМ	ББ
42.2	жекеменшік мектепке дейінгі ұйымдарда			«Атамекен» ҰКП	Жеке қаржы есебінен

Ескертпе: аббревиатуралардың толық жазылуы:

ҚР БҒМ - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі

ЖАО - жергілікті атқарушы органдар

«Болашақ» ХБО – «Болашақ» халықаралық бағдарламалар орталығы» акционерлік қоғамы

ЖЖББҰ – жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары

ТКОББҰ – техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары

МДҰ – мектепке дейінгі ұйым

«Атамекен» ҰКП – «Атамекен» Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасы

Салалық қауымдастықтар - «Атамекен» Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасы «Үздіксіз білім берудің қазақстандық қауымдастығы» жеке кәсіпкерлер және заңды тұлғалар бірлестігінің салалық қауымдастықтары

ЖБ – жергілікті бюджет

РБ – республикалық бюджет

ББ – бюджеттік бағдарлама

КБ – кіші бағдарлама

Методические рекомендации рассмотрены и рекомендованы Научно-методическим советом Республиканского центра «Дошкольное детство» (протокол № 6 от 30 июня 2021 года).

Методические рекомендации по реализации новой модели дошкольного образования, Нур-Султан, 2021-48 стр.

Рецензенты:

С. Н. Жиенбаева, п.ф.д.

Б. О. Арзанбаева, п.ф.к.

Ф. К. Омарбекова меңгеруші

Методические рекомендации разработаны в качестве методического руководства по реализации модели развития дошкольного воспитания и обучения.

Данная работа рекомендована руководителям, методистам, педагогам дошкольных организаций, студентам педагогических ВУЗов и колледжей, обучающимся по специальности «Дошкольное воспитание и обучение» и широкому кругу родительской общественности.

Республиканский центр
«Дошкольное детство», 2021 г.

Содержание

1	Концепция модели развития дошкольного воспитания и обучения	4
2	Особенности воспитания и обучения детей с раннего возраста	5
	<i>2.1. Научно-теоретическое обоснование особенностей воспитания и обучения детей с раннего возраста</i>	
	<i>2.2. Игра как универсальное и фундаментальное средство для развития ребенка</i>	
	<i>2.3. Роль средств этнопедагогики в процессе развития ребенка</i>	
	<i>2.4. Педагог как фасилитатор процесса развития и обучения ребенка</i>	
	<i>2.5. Культура исследований в деятельности дошкольных организаций</i>	
	<i>2.6. Соблюдение и защита прав ребенка</i>	
3	Цель и задачи Модели	10
4	Содержание Модели	11
5	Изменение подходов к процессам развития, воспитания и обучения	13
6	Реализация модели	14
	<i>Приложение</i>	
	<i>План реализации модели развития дошкольного воспитания и обучения</i>	
		17

1. Концепция модели развития дошкольного воспитания и обучения



Для развития дошкольного воспитания и обучения требуются новые подходы и идеи, направленные на обеспечение условий для благополучного и целостного развития детей, раскрытие их потенциала и

талантов, так как дошкольный возраст является самостоятельным этапом жизни ребенка, который оказывает непосредственное влияние на развитие будущего человеческого потенциала страны с высоким уровнем навыков и в мировой науке период от рождения ребенка до поступления в школу считается наиболее важным этапом развития мозга, формирования и развития когнитивных и других жизненно важных навыков.

